

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 16 наурыз 1992 ж. N 673

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз ету, азаматтарының конституциялық хұқтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа да өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы жеке әскери құрама және Қарулы Күштердің резерві болып табылады деп белгіленсін. Республикалық ұлан Қазақстан Республикасының Президентіне бағынады, тікелей басшылық жасау Республикалық ұланның Қолбасшысына жүктеледі.

3. Республикалық ұланды жасақтау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес еріктілік негізінде Қазақстан Республикасының азаматтарынан жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы ережені, оның құрылымы мен штаттары жөніндегі ұсыныстарды 1992 жылғы 15 сәуірге дейін әзірлеп, бекітуге табыс етсін;

қаржыландыруды, арнаулы және әскери техникамен, қару-жарақпен, байланыс құралдарымен және басқа мүлікпен жабдықтауды қамтамасыз етсін;

Республикалық ұланның жеке құрамына тұрғын үй беру және өзге де әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау тәртібін анықтайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті